

"2009 жылы халықтың нысаналы топтарын белгілеу және оларды жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғалуына көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 20 қаулысына енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қазандағы № 300 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 қарашада № 9-20-161 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағы негізінде Федоров ауданының әкімдігі
К А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. "2009 жылы халықтың нысаналы топтарын белгілеу және оларды жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғалуына көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-144 болып тіркелген, 2009 жылғы 19 ақпандағы "Федоровские новости" газетінде жарияланған, " 2009 жылы халықтың нысаналы топтарын белгілеу және оларды жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғалуына көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 20 қаулысына толықтыру енгізу туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 12 мамырдағы № 138 қаулысымен толықтыру енгізілді, Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-155 болып тіркелген, 2009 жылғы 3 қыркүйектегі "Федоровские новости" № 37 газетінде жарияланған) әкімдіктің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 20 қаулысына мындай өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

"жоғары, орта арнайы, кәсіптік білімін, және дайындау курс оқуын бітіргеннен кейін, жұмыс өтілі жоқ түлектер" деген жол мына редакцияда жазылсын: "жоғары, орта арнайы, кәсіптік сондай-ақ дайындау курсын бітірген түлектер";

1-тармақ "жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер" деген жолмен толықтырылсын;

"жұмыс уақыты толық емес тәртіпте жұмыспен қамтылған" деген жол алынып
т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы **О. Ф. Федороваға** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Федоров ауданының әкімі

А. Корниенко

